

**2025–2026 оқу жылының I жартыжылдығында
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің
әдістемелік бірлестігінің атқарған жұмысы туралы
ЕСЕП**

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігінің құрамында 8 пән мұғалімі бар. Оның ішінде: 2 педагог-зерттеуші, 2 педагог-сарапшы, 3 педагог-модератор және 1 педагог санатты мұғалім қызмет атқарады.

Әдістемелік бірлестіктің негізгі мақсаты – заманауи оқыту әдіс-тәсілдерін тиімді қолдану арқылы оқушылардың қазақ тілін меңгеру сапасын арттыру және мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру.

Осы мақсатқа жету үшін әдістемелік бірлестік төмендегідей міндеттерді алға қойды:

- қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бойынша оқушылардың білім сапасын арттырудың тиімді жолдарын үнемі зерделеу және тәжірибеге енгізу;
- оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін, заманауи технологиялар мен оқу құралдарын пайдалану;
- мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыруға және тәжірибе алмасуға жағдай жасау;
- оқу үдерісін мақсатты, жүйелі және нәтижелі ұйымдастыруды қамтамасыз ету.

Әдістемелік бірлестіктің зерттеу тақырыбы (әдістемелік мәселесі): Заманауи технологиялар мен тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы оқушылардың тілдік дағдыларын дамыту.

I жартыжылдықта атқарылған жұмыстарға қысқаша шолу:

- ❖ 5–19 қыркүйек аралығында қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері Қазақстан халқы тілдері күніне арналған тілдер онкүндігін өткізуге белсенді қатысты;
- ❖ 13–14 қазанда «Қазақ тілі» қоғамы мен Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл–қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы бірлесіп ұйымдастырған республикалық «Ұлттық диктант» жобасына 8–11 сыныптардан 126 оқушының қатысуы қамтамасыз етілді;
- ❖ 10–21 қараша аралығында қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің апталығы өткізілді;
- ❖ 2025–2026 оқу жылында әдістемелік бірлестікте аттестациядан өтетін екі мұғалім бар (С.Толеген, А.Е.Кайрмденова). Әрқайсысы 4 ашық сабақ өткізді, сондай-ақ «Алтынсарин ізбасарлары» республикалық ғылыми-практикалық журналында және Қазақстан педагогтерінің білім беру порталында жарияланымдары бар;
- ❖ Пәндік олимпиаданың мектепшілік және аудандық кезеңдерінің қорытындылары бойынша ақпарат жалпы жұмыс чатында ұсынылды;
- ❖ Аудандық байқаулар мен олимпиадаларда қазылар алқасының жұмысына бірнеше рет қатысу жүзеге асырылды (Д.Б.Утепбаева, А.Е.Кайрмденова).

I жартыжылдықта 3 әдістемелік бірлестік отырысы өткізілді:

I отырыс – 28 тамыз 2025 жыл (ұйымдастыру отырысы)

Күн тәртібінде:

1. Өткен оқу жылындағы ӘБ жұмысына талдау;
2. 2025–2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту;
3. 2025–2026 оқу жылына арналған нұсқаулық-әдістемелік хатпен танысу;
4. Күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды қарау;
5. Дарынды оқушылармен жұмысты жоспарлау;
6. Үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты жоспарлау;
7. Тілдер онкүндігін ұйымдастыру мәселелері.

II отырыс – 29 қазан 2025 жыл

Күн тәртібінде:

1. I тоқсан қорытындысы бойынша білім сапасына талдау;
2. I тоқсанда өткізілген сыныптан тыс іс-шараларға талдау;
3. Дарынды оқушылармен жүргізілген жұмыстарды талдау;
4. Оқушылармен жобалық жұмыстың ерекшеліктері (А.Е.Кайрмденова);
5. Авторлық бағдарлама құрастыру бойынша шеберлік сабағы (Д.Б.Утепбаева).


III отырыс – 5 қаңтар 2026 жыл

Күн тәртібінде:

1. II тоқсан қорытындысы бойынша білім сапасына талдау;
2. II тоқсанда өткізілген сыныптан тыс іс-шараларға талдау;
3. Аттестациядан өтетін мұғалімдерге әдістемелік қолдау көрсету;
4. Қазақ тілін оқыту үдерісінде жасанды интеллект ресурстарын тиімді қолдану
(негізгі баяндамашы – С.Толеген, қосымша баяндамашы – Б.Е.Дәуіт);
5. Пәндік олимпиада қорытындыларын талдау.

Әрбір әдістемелік бірлестік отырысында қажеттілігіне қарай ағымдағы мәселелер қаралып, оларды шешу жолдары талқыланады. Әдістемелік бірлестіктің барлық отырыстары бойынша хаттамалар жүргізілген.

ӘБ жетекшісі



А.Е.Кайрмденова